

## Қараменде би селолық округіндегі көшелерін қайта атау туралы

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қараменде би селолық округі әкімінің 2010 жылғы 15 қарашадағы N 1 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 14 желтоқсанда N 8-10-122 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық–географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына, Қараменде би селолық округі тұрғындарының 2008 жылғы 25 мамырдағы N 02, 03, 04, 05 жиналыс хаттамаларына және Ақтоғай ауданының әкімдігі жанындағы ономастикалық комиссиясының 2008 жылғы 23 маусымдағы ұйғарымына сәйкес Қараменде би селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақтас селосындағы көшелердің бұрынғы атаулары өзгертілсін:  
Бірінші көшесі - Еңбек көшесі деп;  
Екінші көшесі – Алаш көшесі деп.
2. Қуаныш елді мекеніндегі көшелердің атаулары өзгертіліп:  
Бірінші көшесі – Егемендік көшесі деп;  
Екінші көшесі – Кенішбай ақын көшесі деп қайта аталсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

Қ а р а м е н д е б и с е л о л ы қ  
Қ. Жаңысбеков